

"Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-242/2020 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 29 қаңтардағы № ҚР ДСМ-8 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 1 ақпанда № 26705 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-242/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21744 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 7-бабының 62) тармақшасына және "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – МӘМС туралы Заң) 34-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (бұдан әрі – МӘМС) жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібін айқындайды.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органы айқындаған тізбе бойынша COVID-19 коронавирусының таралуын болдырмау және (немесе) COVID-19 коронавирусына COVID-19 коронавирусымен ауыратын науқастарды емдеу бойынша қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу (бұдан әрі – денсаулық сақтау басқармасы) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесімен келісу бойынша қор медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспары шеңберінде денсаулық сақтау субъектілерін таңдау рәсімдерін жүргізбей жүзеге асырылады.

Денсаулық сақтау басқармасы осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген тізбе бекітілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде тізбені қордың филиалына жібереді.

COVID-19 коронавирусының таралуын болдырмау және (немесе) COVID-19 коронавирусы бар, COVID-19 коронавирусына және (немесе) вирустық пневмонияға күдікті науқастарды емдеу жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған қызметтерді сатып алу шартының қолданылуы қызметтерді көрсету басталған күннен бастап кезеңге қолданылады.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Комиссияның құрамы қордың немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шешімімен өкілдер қатарынан қалыптастырылады:

1) қордың;

2) қордың республикалық комиссиясының құрамына енгізу үшін уәкілетті органның;

3) бюджеттік бағдарламалар әкімшісі немесе өңірлік комиссияның жанындағы комиссияның құрамына енгізу үшін денсаулық сақтау басқармасының;

4) "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының (бұдан әрі – "Атамекен" ҰКП) және (немесе) пациенттердің, денсаулық сақтау субъектілерінің немесе медицина қызметкерлерінің мүдделерін білдіретін үкіметтік емес ұйымдардың (бұдан әрі – ҮЕҰ);

5) өңірлік комиссияның және бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі жанындағы комиссияның құрамына енгізу үшін медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесінің;

б) сандық денсаулық сақтау субъектісінің.

Кандидатуралар ресми хат арқылы жазбаша түрде комиссия құрамын қалыптастыру үшін сұрау салу келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ұсынылады.

Кандидаттар қорға жазбаша түрде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша денсаулық сақтау субъектілерін таңдау және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін қызметтер көлемдерін орналастыру жөніндегі

комиссияның құрамына енгізу үшін кандидаттың жақын туыстары, жұбайы және жекжаты (жекжаттары) туралы мәліметтерді ұсынады.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Қордың республикалық комиссия төрағасы және республикалық комиссия төрағасының орынбасары қордың лауазымды адамдары, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінің жанындағы комиссиясы үшін – бюджеттік бағдарламалардың әкімшінің лауазымды адамдары болып табылады.

Қор жанындағы өңірлік комиссияның төрағасы болып қор филиалының директорынан немесе оны алмастыратын адамнан немесе қордың құрылымдық бөлімшесінің басшысынан төмен емес қордың өкілі айқындалады.

Қор жанындағы өңірлік комиссия төрағасының орынбасары болып қордың филиалы директорының орынбасарынан немесе оны алмастыратын адамнан немесе қордың құрылымдық бөлімшесінің басшысынан төмен емес қордың өкілі айқындалады.

Комиссия төрағасы комиссияның қызметін басқарады, оның жұмысты жоспарлайды

Төраға болмаған уақытта оның функцияларын комиссия төрағасының орынбасары жүзеге асырады.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Егер шешім қабылдауға оның құрамына кіретін мүшелердің үштен екісі қатысса, Комиссияның шешімі заңды деп есептеледі.

Комиссияның шешімдері хаттамалармен ресімделеді.

Комиссияның шешімі дауыс беру арқылы қабылданады және егер оған Комиссияның қатысушы мүшелерінің жалпы санының қарапайым көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі.

Дауыстар тең болған жағдайда, Комиссия төрағасы немесе ол болмаған жағдайда, Комиссия төрағасының орынбасары дауыс берген шешім қабылданды деп саналады.".

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Осы Қағидалардың 19-тармағының 10) тармақшасында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтер көлемдерін және (немесе) қаражат көлемдерін орналастыру үшін денсаулық сақтау субъектілерін таңдау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 6 қарашадағы № ҚР ДСМ-186/2020 "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерін есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21619 болып тіркелген) сәйкес дерекқорға енгізілген денсаулық сақтау субъектілері арасында жүзеге асырылады.";

19, 20 және 21-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"19. ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге көрсетілетін қызметтердің көлемі және (немесе) қаражаттың көлемі мынадай жағдайларда медициналық қызметтерді сатып алу жоспары шеңберінде денсаулық сақтау субъектілерін таңдау рәсімін өткізбей орналастырылады:

1) қызметтерді сатып алу шарттары жасалған денсаулық сақтау субъектілері арасында орналастыру кезінде "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде ұсынылатын медициналық қызметтерге тарифтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-170/2020 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21550 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-170/2020 бұйрығы) бұйрығына сәйкес бекітілген ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде ұсынылатын медициналық көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтер өзгерген жағдайда;

2) уәкілетті органның шешімі бойынша пилоттық жобалар іске асырылған;

3) денсаулық сақтау басқармасының халыққа қызмет көрсету аумағын бөлу туралы бұйрығының және "Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 24 тамыздағы № ҚР ДСМ-90 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24094 болып тіркелген) сәйкес медициналық-санитариялық алғашқы көмек қызметтерін көрсетуге арналған денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілердің нормаларына сәйкес келетін, "Скринингтік зерттеулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ осы қарап-тексерулерді өткізудің қағидаларын, көлемі мен кезеңділігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-174/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21572 болып тіркелген) сәйкес халықтың нысаналы топтарын скринингтік зерттеулер мен профилактикалық медициналық қарап-тексерулер жүргізу кезіндегі көрсетілетін қызметтерді және консультациялық-диагностикалық көмек көрсетілетін қызметтерді сатып алуға қатысу үшін қажетті медициналық-санитариялық алғашқы көмек, қаражат көлемін орналастыру бекітілген халыққа есептегенде жүзеге асырылады, оның ішінде денсаулық сақтау басқармасы басшысының бұйрығы негізінде МСАК субъектісіне бекітілген бекітуі болған жағдайда оқушыларға көрсетілетін қызметтер;

4) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес қор немесе денсаулық сақтау ұйымы алдындағы міндеттемелері заңды қайта ұйымдастырылған денсаулық сақтау ұйымының мұрагері бола отырып, қызметтің тиісті түрлері бойынша медициналық қызметке лицензиясы болған жағдайда қор немесе бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын жасасқан " Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі –

рұқсаттар және хабарламалар туралы Заңы) сәйкес берілген, медициналық қызметпен айналысуға лицензиясы бар қызметтерді сатып алуға келісімшарт жасасқан денсаулық сақтау субъектісін қайта ұйымдастыру;

5) денсаулық сақтау басқармасы басшысының бұйрығы негізінде МСАК субъектісіне бекітілген халық санының өсуі және (немесе) бекітілген халықтың жыныстық-жастық құрылымының өзгеруі және (немесе) МСАК субъектісіне бекітілген оқушылар санының өзгеруі;

6) кешенді тариф бойынша төленетін медициналық көмек көрсету кезінде науқастар санын немесе жан басына шаққандағы норматив бойынша халық санының ұлғаюы;

7) кешенді жан басына шаққандағы нормативке кіретін көрсетілетін қызметтердің немесе қаражаттың, сондай-ақ орналастырылуы кешенді тариф бойынша немесе жан басына шаққандағы норматив бойынша халық санына шаққанда жүзеге асырылатын медициналық көмек көрсету кезінде нақты шығындар бойынша төленетін көрсетілетін қызметтер мен шығыстардың көлемінің ұлғаюы;

8) "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы Заңы) сәйкес ақы төлеу кешенді жан басына шаққандағы норматив бойынша жүзеге асырылатын ауылдық елді мекенге жататын денсаулық сақтау субъектісі халыққа көрсететін стационарлық және (немесе) стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмекке көрсетілетін қызметтер немесе қаражат көлемінің өзгеруі;

9) Қазақстан Республикасының азаматтарына шетелге емдеуге медициналық көмек көрсетуге арналған көрсетілетін қызметтерді сатып алу және (немесе) ТМККК шеңберінде отандық медициналық ұйымдарда емдеу жүргізу үшін шетелдік мамандарды тарту, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 26 мамырдағы № ҚР ДСМ-45 "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде Қазақстан Республикасының азаматтарын шетелге емделуге жіберу және (немесе) емдеуді отандық медициналық ұйымдарда жүргізу үшін шетелдік мамандарды тарту қағидаларын әзірлеуді бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22866 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады;

10) Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 31 мамырдағы Заңымен ратификацияланған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағының персоналына, Байқоңыр қаласының, Төретам және Ақай кенттерінің тұрғындарына Ресей Федерациясының "Байқоңыр" кешенін жалға алу жағдайында медициналық қызмет көрсету тәртібі туралы келісімге сәйкес Байқоңыр қаласында, Төретам және Ақай кенттерінде тұратын, "Байқоңыр" кешенінің ресейлік ұйымдарының қызметкерлері болып табылмайтын, сондай-ақ "

Байқоңыр" кешенінің аумағында уақытша болатын Қазақстан Республикасының азаматтарына Ресей Федерациясының Федералдық медициналық ұйымдарының қызметтері;

11) Қордың күтпеген шығыстарға арналған резервінің есебінен денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтер көрсетуі;

12) COVID-19 коронавирусының таралуын болдырмау және (немесе) COVID-19 коронавирусы бар, COVID-19 коронавирусына және (немесе) вирустық пневмонияға күдікті науқастарды емдеу бойынша қызметтер көрсету;

13) төтенше жағдай кезеңінде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде қызметтер көрсету;

14) жергілікті өкілді органның шешімі бойынша қор осы шарттарды жасасқан мемлекеттік кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысанындағы денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтерін сатып алу шартының сомасынан көрсетілген шығыстарға қажеттілік асып кеткен жағдайда, тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құнын төлеуге арналған шығыстарды облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті бюджет қаражатынан өтеу;

15) орталық атқарушы органдардың және өзге де орталық мемлекеттік органдардың және олардың аумақтық бөлімшелерінің әскери-медициналық (медициналық) бөлімшелерінің, сондай-ақ әскери-медициналық (медициналық) қамтамасыз етуді жүзеге асыратын әскери-медициналық (медициналық) мекемелердің (ұйымдардың), өзге де бөлімшелердің қызметтер көрсетуі;

16) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 16 қазандағы № 672 қаулысымен бекітілген тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі тізбесіне (бұдан әрі – ТМККК тізбесі) және (немесе) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 421 қаулысымен бекітілген МӘМС жүйесіндегі медициналық көмек тізбесіне (бұдан әрі – МӘМС тізбесі) өзгерістер немесе толықтырулар енгізу. Бұл ретте жоғарыда көрсетілген тізбелердің өзгеруіне байланысты қызметтердің босатылған көлемін орналастыру сол денсаулық сақтау субъектілеріне босатылған қаражаттан аспайтын көлемде жүзеге асырылады;

17) бекітілген қала халқының санына шаққанда денсаулық сақтау басқармасы бекіткен МСАК субъектілерінің тізбесіне сәйкес ірілендіруге жататын МСАК субъектілеріне қаражат көлемдерін орналастыру;

18) денсаулық сақтау басқармасының МСАК субъектісіне қызмет көрсету аумағын қайта бөлуіне байланысты көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты жасалған МСАК субъектісінің бекітілген халқы санының өзгеруі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3), 10), 15), 16) және 17) тармақшаларда көзделген жағдайлар бойынша көрсетілетін қызметтер көлемі және (немесе) қаражат көлемі комиссия шешімінің негізінде орналастырылады, ал осы тармақтың бірінші бөлігінің 1)

, 2), 4) – 8), 11) - 13) және 18) тармақшаларында көрсетілген жағдайлар бойынша ТМҚҚК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге арналған қызметтер көлемі және (немесе) қаражат көлемі, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсетуге көрсетілетін қызметтер көлемдерін орналастыру (азайту) қорытындылары туралы қорытындылар хаттамасының негізінде денсаулық сақтау субъектілерін таңдау рәсімін жүргізбей, көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттарын немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартына қосымша келісім жасасу түрінде осы Қағидаларға 1-1-қосымшаға сәйкес орналастырылады (бұдан әрі-таңдау рәсімінсіз орналастыру қорытындылары туралы хаттама).

20. Алдағы қаржы жылына арналған дерекқордан ТМҚҚК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтер көлемін және (немесе) қаражат көлемін (бұдан әрі – көрсетілетін қызметтер көлемі) орналастыру үшін денсаулық сақтау субъектілерін таңдау жыл сайын жүргізіледі және мынадай дәйекті кезеңдердің жиынтығын білдіреді:

1) бірінші кезеңде мынадай іс-шаралар жүзеге асырылады:

дерекқорға енгізілген МСАК субъектілерінің қатысуымен бекіту науқанын жүргізу және өңірлік комиссияның бекіту науқаны қорытындыларының көрсетілетін қызметтерін берушілерді таңдау рәсіміне (МСАК қызметтерін сатып алу кезінде) жіберілетін (жіберілмейді) МСАК субъектілерін айқындауы;

дерекқорға енгізілген денсаулық сақтау субъектілері арасында ТМҚҚК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтер көлемдерін орналастыру рәсімін өткізу туралы хабарландыру арқылы хабарлау;

денсаулық сақтау субъектілерінің осы Қағидалардың 27-тармағында көрсетілген құжаттарды (бұдан әрі – жоспарланған көлемдерге өтінім) қоса бере отырып, мәлімделген кезеңге ТМҚҚК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша қызметтердің жоспарланған көлеміне өтінім беру;

комиссияның жоспарланып отырған көлемдер өтінімдерінің МӘМС туралы Заңның 34-бабының 3-тармағында (МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтерге өтінім берген кезде) көрсетілген талаптарға және денсаулық сақтау субъектілерінің көлемдерді орналастыруға рұқсат беру талаптарына сәйкестігі (сәйкессіздігі) хаттамасын қалыптастыра отырып, ТМҚҚК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтер көлемдерін орналастыру рәсіміне рұқсат беру үшін қойылатын осы Қағидалардың 26, 27, 28, 33 және 34-тармақтарында көрсетілген талаптарға сәйкестігін қарау;

көлемдерді орналастыруға рұқсат беру талаптарына сәйкес келтірілген жоспарланған көлемдерге өтінімдерді қайта қабылдау және тіркеу;

комиссияның денсаулық сақтау субъектілері ұсынған өтінімдерді оларды қайта қабылдағаннан кейін қарауы және денсаулық сақтау субъектілеріне ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтер көлемін орналастыруға рұқсат беру;

2) екінші кезеңде мынадай іс-шаралар жүзеге асырылады:

қызметтер көлемдерін орналастыру және ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге қызметтер көлемдерін орналастыру (орналастырмау) қорытындылары туралы хаттамаға қол қою;

ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге қызметтер көлемдерін орналастыру (орналастырмау) қорытындылары туралы хаттама негізінде денсаулық сақтау субъектілерімен көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттарын жасасу;

қызметтерді сатып алу туралы шарттың орындалуы.

21. МСАК субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде МСАК қызметтерінің көлемдерін орналастыру "Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына жеке тұлғаларды бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 13 қарашадағы № ҚР ДСМ-194/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21642 болып тіркелген) (бұдан әрі – Бекіту қағидалары) сәйкес МСАК қызметтерін көрсету жүзеге асырылатын қаржы жылының алдындағы жылдың 15 қыркүйегі мен 15 қарашасы кезеңінде дерекқорға енгізілген МСАК субъектілерінің қатысуымен жыл сайын бекіту науқанын жүргізуді қамтиды.";

24-тармақ алып тасталсын;

26 және 27-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Бекіту науқаны қорытындыларының хаттамасымен осы Қағидалардың 19-тармағы бірінші бөлігінің 3) және 15) тармақшаларында көрсетілген жағдайлар бойынша денсаулық сақтау субъектілерін таңдау рәсіміне жіберілген денсаулық сақтау субъектілері, оның ішінде МСАК субъектілері осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша қызметтердің жоспарланған көлеміне өтінім (бұдан әрі-жоспарланған көлемдерге өтінім) қағаз немесе веб-портал арқылы электрондық нысанда береді. Жоспарланған көлемдерге арналған өтінім веб-портал өтінім берген денсаулық сақтау субъектісіне тиісті хабарламаны автоматты түрде жіберген сәтте қабылданды деп есептеледі.

27. Жоспарланған көлемдерге өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі (анықтама) (заңды тұлғалар үшін)) немесе жеке кәсіпкер ретінде тіркелгені туралы

куәліктің көшірмесі (анықтама) және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (жеке тұлғалар үшін);

2) рұқсаттар және хабарламалар туралы Заңына сәйкес медициналық қызметке лицензияның және жоспарланатын көлемдерге өтінім берілген оның қызметінің тиісті кіші түрлері бойынша оған қосымшалардың көшірмесі;

3) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының көшірмесі (мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде іске асырылатын денсаулық сақтау субъектілері береді);

4) аккредиттеу туралы куәліктің көшірмесі (денсаулық сақтау субъектілері бар болса береді);

5) "Мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-238/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21746 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-238/2020 бұйрығы) сәйкес жоспарланған көлемдерге өтінім берілген тиісті технологиялар бойынша берілген, ЖТМК ұсынуға денсаулық сақтау ұйымының ЖТМК ұсынуға сәйкестігі туралы қорытындының көшірмесі (ЖТМК көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектісі ұсынады);

6) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес тиісті нысан бойынша ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша көрсетілетін қызметтердің жоспарланған көлемдеріне өтінімде медициналық көмекті көрсетуге көлемдер және сомалар туралы мәліметтер;

7) "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсетудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-336/2020 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22004 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-336/2020 бұйрығы) санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыларды беру бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларына сәйкес берілген халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы рұқсат беру құжатының көшірмесі (эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектіге – эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесі немесе рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен оның электрондық нысаны; эпидемиялық маңыздылығы болмашы объектіге – рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен эпидемиялық маңыздылығы болмашы объект қызметін жүзеге асырудың (пайдаланудың) басталғаны туралы хабарламаның көшірмесі немесе электрондық нысаны (алғаш өтініш бергендер және бұрын денсаулық сақтау субъектілерінің қормен немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен сатып алу

шартын жасамағандар үшін, сондай-ақ соңғы жыл ішінде өндірістік қуаттылықты арттырған немесе медициналық көмек көрсету бейінін өзгерткен денсаулық сақтау субъектілері үшін);

8) "Денсаулық сақтау субъектілерінің ақылы қызметтер көрсету қағидаларын және ақылы медициналық көрсетілетін қызметтер (көмек) ұсыну жөніндегі шарттың үлгілік нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 29 қазандағы № ҚР ДСМ-170/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21559 болып тіркелген) (бұдан әрі – Ақылы қызметтер көрсету қағидалар) айқындалған жағдайларды қоспағанда, ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттары жасалған медициналық көмектің (қызметтің) түрлері бойынша ақылы негіздегі қызметтерді ұсынбау туралы еркін нысандағы міндеттемелер;"

9) басшының міндетін атқарушыға (басшының орнын басқан кезде) бұйрықтың көшірмесі (жоспарланған көлемге өтінімді қағаз нысанда ұсынған кезде);

10) сенімхаттың түпнұсқасы (басшының сенім білдірілген адамы өтінімге қол қойған және (немесе) ұсынған жағдайда) (жоспарланған көлемге өтінімді қағаз нысанда ұсынған кезде).

Қордың немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісінде тиісті интеграцияланған ақпараттық жүйелерден осы құжаттардағы ақпаратты алу мүмкіндігі болған кезде осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген құжаттарды ұсыну талап етілмейді.";

мынадай мазмұндағы 27-1-тармақпен толықтырылсын:

"27-1. Жоспарланған көлемге өтінімді қалыптастыру және оған осы Қағидалардың 27-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген құжаттарды бекіту кезінде осы құжаттар "Е-лицензиялау "Мемлекеттік деректер қоры" ақпараттық жүйесімен (бұдан әрі – "Е-Лицензиялау" МДҚ) интеграциялау арқылы бекітіледі.";

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"37. Комиссия мүшелері веб-порталда жоспарланған көлемге өтінімдерді ашу туралы автоматты хабарламаны алғаннан кейінгі келесі күннен бастап (өтінімдерді қағаз нысанда қабылдаған жағдайда – оларды қабылдаудың соңғы мерзімі өткеннен кейінгі келесі күннен бастап) бар-жоғын тексереді:

1) жоспарланған көлемдерге өтінімдер (қағаз нысанда – осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша);

2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің (анықтаманың) көшірмесі (заңды тұлға үшін) немесе дара кәсіпкер ретінде тіркеу туралы куәліктің (анықтаманың) көшірмесі және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (жеке тұлға үшін);

3) рұқсаттар және хабарламалар туралы Заңына сәйкес медициналық қызметке арналған лицензияның және жоспарланған көлемдерге өтінім берілген оның қызметінің тиісті кіші түрлері бойынша қосымшалардың көшірмелері;

4) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде жобаны іске асыруға қатысатын денсаулық сақтау субъектісі ұсынатын мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының көшірмелері;

5) бар болған жағдайда денсаулық сақтау субъектісі ұсынатын аккредиттеу туралы куәліктің көшірмесі;

6) ҚР ДСМ-238/2020 бұйрығына сәйкес жоспарланған көлемдерге өтінім берілген тиісті технологиялар бойынша берілген, ЖТМК ұсынуға денсаулық сақтау ұйымының ЖТМК ұсынуға сәйкестігі туралы қорытындының көшірмелері (ЖТМК көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектісі ұсынады);

7) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес тиісті нысан бойынша ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша қызметтердің жоспарланған көлеміне өтінімде көрсетілген медициналық көмек көрсетуге арналған көлемдер мен сомалар туралы мәліметтер;

8) № ҚР ДСМ-336/2020 бұйрығына сәйкес берілген халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы рұқсат беру құжатының көшірмелері (эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектіге – эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесі немесе рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен оның электрондық нысаны; эпидемиялық маңыздылығы болмашы объектіге – алғаш рет мәлімделген және бұрын денсаулық сақтау субъектілерінің қормен немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен сатып алу шарттарын жасаспаған, сондай-ақ соңғы жыл ішінде өндірістік қуатын арттырған немесе медициналық көмек көрсету бейінін өзгерткен денсаулық сақтау субъектілері ұсынатын рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен эпидемиялық маңыздылығы болмашы объект қызметін жүзеге асырудың (пайдаланудың) басталғаны туралы хабарламаның көшірмесі немесе электрондық нысаны);

9) Ақылы қызметтер көрсету қағидаларын бойынша ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттары жасалған медициналық көмектің (қызметтің) түрлері бойынша ақылы негізде көрсетілетін қызметтерді ұсынбау туралы міндеттемелер еркін нысанда;

10) басшының міндетін атқарушыға бұйрықтың көшірмесі (басшыны ауыстырған кезде);

11) өтінішті қағаз нысанда ұсынған кезде сенімхаттың түпнұсқасы (уәкілетті тұлға өтінімге қол қойған және (немесе) ұсынған жағдайда).

Комиссия мүшелері жоспарланған көлемге өтінімде көрсетілген деректерді қоса берілген құжаттарда көрсетілген деректермен тексереді.

Комиссия мүшелері банкроттық немесе тарату рәсімдерінің жүргізілуін бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның интернет-ресурсында (www.kgd.gov.kz) өтініш берген денсаулық сақтау субъектісінің банкроттық немесе тарату рәсіміне қатысы жоқтығы туралы мәліметтерді тексереді.

Жоспарланған көлемге өтінімдерді және оларға қоса берілетін құжаттарды қарау кезінде комиссия мүшелері болып табылатын денсаулық сақтау басқармасының өкілдері оның қарамағындағы денсаулық сақтау субъектілерінің құқықтық және (немесе) мүліктік мәртебесін өзгерту процесі туралы ақпарат береді.";

мынадай мазмұндағы 37-1-тармақпен толықтырылсын:

"37-1. Комиссия мүшелері мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) денсаулық сақтау субъектісінің көлемдерді орналастыруға рұқсат беру талаптарына сәйкестігі туралы:

осы Қағидалардың 26, 27, 28, 33 және 34-тармақтарына сәйкес жоспарланған көлемге өтінімді және оған қоса берілетін құжаттарды ұсыну;

хабарландыру шарттарына сәйкес жоспарланған көлемге өтінімді және оған қоса берілетін құжаттарды ұсыну;

денсаулық сақтау субъектісі ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) өтінімде көрсетілген деректерге немесе олардың анықтығына сәйкестігін анықтау;

денсаулық сақтау субъектісінде банкроттық немесе тарату рәсімінің жүргізілмеу кезінде;

2) денсаулық сақтау субъектісінің көлемдерді орналастыруға рұқсат беру үшін талаптарға сәйкес еместігі туралы:

осы Қағидалардың 26, 27, 28, 33 және 34-тармақтарға сәйкес келмейтін жоспарланған көлемге өтінімді және оған қоса берілетін құжаттарды ұсыну;

хабарландыру шарттарына сәйкес келмейтін жоспарланған көлемге өтінім және оған қоса берілетін құжаттар беру;

денсаулық сақтау субъектісі ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) өтінімде көрсетілген деректерге сәйкес еместігін немесе олардың дұрыс еместігін анықтау;

денсаулық сақтау субъектісінде банкроттық немесе тарату рәсімін жүргізу кезінде;

егер осы денсаулық сақтау субъектісінің қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тоқтатылған жағдайда, денсаулық сақтау субъектісінің құқықтық және (немесе) мүліктік мәртебесін өзгертуді жүзеге асыру тәртібін айқындайды.";

48-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"48. ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтер көлемдерін және (немесе) қаражат көлемдерін денсаулық сақтау субъектілері арасында бөлуді келесіні ескере отырып комиссия жүзеге асырады (бұдан әрі – көлемдерді бөлу):

1) ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде стационарлық немесе стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек көлемдерін бөлу кезінде денсаулық сақтау басқармасымен төсек бейіндері бөлінісінде келісілген төсектердің өткізу қабілетін қоса алғанда, денсаулық сақтау субъектілерінің өндірістік қуатын;

2) медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін сипаттайтын денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйелерінен немесе медициналық ақпараттық жүйелерден қызметтер мен деректер ұсыну тәжірибесін;

3) көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттары бойынша шарттық міндеттемелер, оның ішінде медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасы мен көлемі бойынша мониторинг нәтижелерін;

4) денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың өңірлік перспективалық жоспарын;

5) денсаулық сақтау субъектілерінде "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты талаптарының орындалу мониторингін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-321/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21904 болып тіркелген) сәйкес расталған өткен жылғы медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігіне негізделген шағымдардың болмауын;

6) "Денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-299/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21852 болып тіркелген) сәйкес денсаулық сақтау саласында аккредиттеудің неғұрлым жоғары санатының болуын (тең жағдайларда);

7) бекіту науқанының қорытындыларын (МСАК қызметтерінің көлемдерін бөлу кезінде) ескере отырып жүзеге асырады.

49. Осы Қағидалардың 20-тармағында көрсетілген бірінші кезең рәсімдерін жүзеге асырғаннан кейін комиссиямен денсаулық сақтау субъектілеріне қызметтердің көлемдерін орналастырмау негіз болып табылады:

1) көлемдерді орналастыру рәсіміне жіберу үшін талаптарға сәйкес келмеуі;

2) өтінімде және (немесе) соған қоса берілетін құжаттарда шын емес ақпаратты ұсыну;

3) денсаулық сақтау субъектілерінің Кодексте және денсаулық сақтау саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерде белгіленген медициналық көмекті көрсетуді ұйымдастыру талаптарына сәйкес келмеуі;

4) "Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 тамыздағы № ҚР ДСМ-96/2020 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21080 болып тіркелген) денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес келмеуі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көзделген негіз бойынша денсаулық сақтау субъектілерінің жоспарланатын көлемдеріне өтінімдер қабылданбаған жағдайда, ТМҚКК-де және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге қызметтер көлемдерін орналастыру (орналастырмау) қорытындылары туралы хаттамада денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актінің нақты тармағына сілтеме көрсетіледі.";

52 және 53-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"52. Көрсетілетін қызметтер көлемін орналастыру үшін денсаулық сақтау субъектілерін таңдау кезінде, сондай-ақ көрсетілетін қызметтер көлемдерін осы Қағидалардың 19-тармағының 3), 10), 15), 16) және 17) тармақшаларында көрсетілген жағдайлар бойынша медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспары шеңберінде денсаулық сақтау субъектілерін таңдау рәсімін жүргізбей орналастыру кезінде көрсетілетін қызметтер көлемдерін орналастыру хаттамасы қол қойылғаннан кейін көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттарын немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартына қосымша келісімдерді жасасу үшін денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйелеріне автоматты түрде беріледі.

Осы Қағидалардың 19-тармағының 1), 2), 4) – 8), 11) – 13) және 18) тармақшаларында көрсетілген жағдайлар бойынша медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспары шеңберінде денсаулық сақтау субъектілерін таңдау рәсімін жүргізбестен көрсетілетін қызметтер көлемдерін орналастыру кезінде көрсетілетін қызметтер көлемдерін есептеу көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттарын немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартына қосымша келісімдерді жасасу үшін қол қойылғаннан кейін автоматты түрде денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйелеріне беріледі.

Қызметтер көлемдерін орналастыру хаттамасы және көлемдердің есебі комиссия қол қойған күні веб-порталда жалпы қолжетімділікте жарияланады.

53. Шарттар жасасу көрсетілетін қызметтерді сатып алу көрсетілетін қызметтер көлемдерін орналастыру хаттамасының, қор немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бекіткен үлгілік нысан бойынша көрсетілетін қызметтер көлемдерін есептеудің негізінде жүзеге асырылады.

Денсаулық сақтау субъектісі қормен қызметтерді сатып алу шартын жасасқан кезде уәкілетті органмен және "Атамекен" ҰКП-мен келісім бойынша қор бекіткен ТМҚКК және (немесе) МӘМС жүйесі шеңберінде медициналық көмек көрсету бойынша қызметтерді сатып алуға қосылу шартына (бұдан әрі – қосылу шарты) қосылған болып есептеледі.

Көрсетілген қосылу шарты қордың немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің интернет-ресурсында және (немесе) веб-порталда орналастырылады.

Қор өнім берушілерді қордың интернет-ресурсына немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне және (немесе) веб-порталға сілтемені жасай отырып, электрондық нысанда қосылу шартына енгізілген өзгерістер жайында хабардар етеді.";

55-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"55. Алдағы жылға көрсетілетін қызметтер көлемін таңдау және орналастыру рәсімі ағымдағы күнтізбелік жыл аяқталғанға дейін жүзеге асырылады.";

62-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"62. Қызметтер берушінің ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде қызметтер көрсету кезінде бірлесіп орындау шартын жасасуы мынадай жағдайларда жүзеге асырылмайды:

1) № ҚР ДСМ-90 бұйрығына сәйкес МСАК мамандары көрсететін қызметтер;

2) Қазақстан Республикасында ұсынылмайтын және ЖТМК көрсету үшін қажетті консультациялық-диагностикалық көмектің жекелеген түрлерін, оның ішінде сүйек кемігі донорын және (немесе) гемопоздiкдiң жасушаларын iрiктеудi және белсендiрудi жүзеге асыру кезінде сүйек кемігі донорын және (немесе) гемопоздiкдiң жасушаларын тексеру кезінде медициналық қызметтерді көрсетуді қоспағанда, осы қызметтерді көрсету көлемдерді өнім берушіге орналастыру үшін негіз болып табылған;

3) бағдарламаланған гемодиализ немесе перитонеальді диализ қызметтері, егер бұл қызметтерді ұсыну жеткізушіге көлемді бөлуге негіз болса;

4) стационарлық және (немесе), стационарды алмастыратын жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек, егер бұл көмек көрсету көлем жеткізушіні орналастыруға негіз болып табылса;

5) көрсетілген көмек көлемін жеткізушіге орналастыру үшін негіз болып табылған жағдайда медициналық оңалту;

6) паллиативті медициналық көмек.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген қызметтер көрсетілген жағдайда қызметтер берушінің қызметтер көлемін орналастыру үшін негіз болып табылмайтын консультациялық-диагностикалық көмектің қызметтерді және емдеу іс-шараларының жекелеген түрлерін көрсетуге бірлесіп орындаушымен шарт қызметтер берушінің шешімі бойынша жасалынады.";

1-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 2 және 3-қосымшаларға сәйкес 1-1 және 1-2-қосымшалармен толықтырылсын;

4-қосымша осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды үйлестіру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырсын:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі

А. Ғиният

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2022 жылғы 29 қаңтардағы
№ ҚР ДСМ-8 бұйрығына
1-қосымша

Тегін медициналық көмектің
кепілдік берілген көлемі
шеңберінде және міндетті
элеуметтік медициналық
сақтандыру жүйесінде
денсаулық сақтау
субъектілерінен көрсетілетін
қызметтерді сатып алу
қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Денсаулық сақтау субъектілерін таңдау және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті элеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін қызметтер көлемін орналастыру жөніндегі комиссияның құрамына енгізу үшін кандидаттың жақын туыстары, жұбайы және жекжаты (жекжаттары) туралы мәліметтер _____
(комиссияның толық атауы көрсетіледі) _____
(Комиссияға үміткердің Т.А.Ә. (бар болса), ЖСН)

					Қазіргі уақытта жұмыс орнын көрсете отырып, үлестес тұлғалар (тікелей және (
--	--	--	--	--	--

№	(Жұбайының (зайыбының), жақын туысының, жекжатының) Т. А. Ә. (болған жағдайда)	Мүшелікке кандидатқа комиссияға қатысы	жеке куәліктің №	ЖСН	немесе) жанама түрде шешімдер қабылдайтын және (немесе) бір-бірімен (тұлғалардың бірімен) қабылданатын шешімдерге, оның ішінде ТМҚКК шеңберінде немесе МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жасалған шартына байланысты әсер ететін) туралы ақпарат
1	2	3	4	5	6

Осымен мен (менімен) ұсынған жоғарыда көрсетілген ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес ақпарат беру менің кандидатурамды денсаулық сақтау субъектілерін таңдау және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және "Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" КеАҚ міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде қызметтер көлемдерін орналастыру жөніндегі комиссияның құрамына енгізуден бас тарту үшін негіз бола алатынын түсінемін.

Маған қатысты ұсынылған ақпараттың шынайылығына тексеру іс-шараларын жүргізуге, сондай-ақ мені денсаулық сақтау субъектілерін таңдау және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және "Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" КеАҚ міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде қызметтер көлемдерін орналастыру жөніндегі комиссияның құрамына енгізген кезде менің дербес деректерімді жинауға, өңдеуге және сақтауға келісемін.

_____ "___" _____ 202__ жыл (кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

Ескертпе:

* Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңына сәйкес жақын туыстар деп ата-аналар (ата-анасы), балалары, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, атасы, әжесі, немерелері, жекжаттар деп-жұбайының (зайыбының) аға-інілері, апа-сіңлілері, ата-аналары мен балалары түсініледі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2022 жылғы 29 қаңтардағы
№ ҚР ДСМ-8 бұйрығына
2-қосымша

Тегін медициналық көмектің
кепілдік берілген көлемі
шеңберінде және міндетті
әлеуметтік медициналық
сақтандыру жүйесінде
денсаулық сақтау
субъектілерінен көрсетілетін
қызметтерді сатып алу
қағидаларына
1-1-қосымша
Нысан

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсетуге көрсетілетін қызметтер көлемдерін орналастыру (азайту) қорытындылары туралы хаттама

"__" _____ 20__ жыл

_____ (орналасқан жері)

"Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" КеАҚ _____ филиалы

_____ (аймақтың атауын көрсету)

_____ атынан

_____ (қор өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және лауазымы)

медициналық қызметтердің көлемін және (немесе) қаражат көлемін есептеді:

1) "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-242/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21744 болып тіркелген) бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларының (бұдан әрі – Сатып алу қағидалары) 19-тармағына сәйкес денсаулық сақтау субъектілерін таңдау рәсімін жүргізбей, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (бұдан әрі – МӘМС) жүйесінде медициналық көмек көрсетуге арналған қызметтер көлемдерін және (немесе) қаражат көлемдерін орналастыруға: _____

(Сатып алу қағидаларына сәйкес негіздемені көрсету)

медициналық көмектің мынадай түрі (түрлері) бойынша: _____

(медициналық көмек түрінің атауын көрсету)

(көрсету керек: ТМККК шеңберінде немесе МӘМС жүйесінде)

_____ теңге сомасына,

(сома санмен және жазумен)

қызметтер көлемін және (немесе) орналастыру үшін қаражат көлемін есептеуге сәйкес:

№	БИН (ЖШС)	Денсаулық сақтау субъектісінің атауы	Денсаулық сақтау субъектісінің заңды мекенжайы	Қызмет көрсету орны (облысты, республикалық маңызы бар қаланы, астананы көрсету)	Сомасы (теңге)	Медициналық қызметтердің көлемі
1	2	3	4	5	6	7

2) Сатып алу қағидаларына сәйкес ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге арналған қызметтер көлемін және (немесе) қаражат көлемін азайтуға бағытталған:

(Сатып алу қағидаларына сәйкес негіздемені көрсету)

медициналық көмектің мынадай түрі (түрлері) бойынша: _____

(медициналық көмек түрінің атауын көрсету)

(көрсету керек: ТМККК шеңберінде немесе МӘМС жүйесінде)

_____ теңге сомасына,

(сома санмен және жазумен)

азайту үшін қызметтер көлемін және (немесе) қаражат көлемін есептеуге сәйкес:

№	БИН (ЖШС)	Денсаулық сақтау субъектісінің атауы	Денсаулық сақтау субъектісінің заңды мекенжайы	Денсаулық сақтау субъектісінің заңды мекенжайы	Қызмет көрсету орны (облысты, республикалық маңызы бар қаланы, астананы көрсету)	Сомасы (теңге)
1	2	3	4	5	6	7

("Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" КЕАҚ өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және лауазымы, қолы)

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2022 жылғы 29 қаңтардағы
№ ҚР ДСМ-8 бұйрығына
3-қосымша

Тегін медициналық көмектің
кепілдік берілген көлемі
шеңберінде және міндетті
әлеуметтік медициналық
сақтандыру жүйесінде
денсаулық сақтау
субъектілерінен көрсетілетін
қызметтерді сатып алу
қағидаларына
1-2-қосымша
Нысан

Халықты медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілеріне бекіту науқанын өткізу қорытындылары туралы хаттама

" _ " _____ 20__ жыл

_____ (орналасқан жері)

1. Денсаулық сақтау субъектілерін іріктеу және қызметтер көлемін орналастыру жөніндегі комиссия (бұдан әрі - комиссия) құрамында:

_____ (комиссия төрағасының және басқа мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және лауазымы)

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 13 қарашадағы № ҚР ДСМ-194/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21642 болып тіркелген) бекітілген медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына жеке тұлғаларды тіркеу қағидаларына сәйкес жүргізілген МСАК), цифрлық денсаулық сақтау субъектісі ұсынған, денсаулық сақтау субъектілеріне тіркелу науқанының қорытындыларын қарастырдым.

2. Бекіту науқанының қорытындыларын қарау нәтижелері бойынша комиссия _____ ашық дауыс беру арқылы ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ: (күнін көрсету)

тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің дерекқорына (бұдан әрі - дерекқор) енгізілген, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету жөніндегі

көрсетілетін қызметтерді берушілерді таңдау рәсіміне жіберілетін бастапқы медициналық-санитариялық көмек (бұдан әрі – МСАК) субъектілерінің мынадай тізбесі айқындалсын:

№	БИН (ЖШС)	МСАК денсаулық сақтау субъектісінің атауы	Заңды мекенжайы	"Бекітілген халық тіркелімі" порталында тіркелген бекітілген халық саны
1	2	3	4	5

3. Комиссия бекіту науқанының қорытындыларын қарау нәтижелері бойынша ашық дауыс беру арқылы ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

ТМККК шеңберінде медициналық көмек көрсету жөніндегі көрсетілетін қызметтерді берушілерді таңдау рәсіміне жіберілмейді, дерекқорға енгізілген МСАК денсаулық сақтау субъектілерінің мынадай тізбесін айқындау:

№	БИН (ЖШС)	МСАК денсаулық сақтау субъектісінің атауы	Заңды мекенжайы	"Бекітілген халық тіркелімі" порталында тіркелген бекітілген халық саны	Себептерін көрсету
1	2	3	4	5	6

Бұл шешім үшін дауыс берді: ҚОЛДАЙМЫН _____ дауыс;
 ҚАРСЫМЫН _____ дауыс.

(комиссия төрағасының, басқа мүшелерінің және хатшысының тегі, аты, әкесінің аты

(бар болса), қолдары)

Қазақстан Республикасы
 Денсаулық сақтау министрі
 2022 жылғы 29 қаңтардағы
 № ҚР ДСМ-8 бұйрығына
 4-қосымша
 Тегін медициналық көмектің
 кепілдік берілген көлемі
 шеңберінде және міндетті
 әлеуметтік медициналық
 сақтандыру жүйесінде
 денсаулық сақтау
 субъектілерінен көрсетілетін
 қызметтерді сатып алу
 қағидаларына
 4-қосымша
 Нысан

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету жөніндегі

қызметтердің жоспарланған көлеміне өтінімде көрсетілген медициналық көмек көрсетуге арналған көлемдер мен сомалар туралы мәліметтер Бекітілген халыққа алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсетуге арналған көлемдер мен сомалар туралы мәліметтер

№	Медициналық көмектің түрі	Алдыңғы кезеңдегі көлемі мен сомасы*						Мәлімделген көлемдер мен сомалар	
		20__ жыл		20__ жыл		20__ жыл		20__ жыл	
		Бекітілген халық саны	Сомасы, теңгемен	Бекітілген халық саны	Сомасы, теңгемен	Бекітілген халық саны	Сомасы, теңгемен	Тіркелген халықтың мәлімделген саны, адам	Сомасы, теңгемен
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Осы мәліметтерге қосымша __ парақта.**

(денсаулық сақтау субъектісі басшысының немесе ол уәкілеттік берген адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Мөр орны (бар болса)

Толтырылған күні _____

Ескертпе:

* алдағы жылға жоспарлаған көлемдерге өтініш берген кезде және денсаулық сақтау субъектілерінен қызметтерді сатып алуға бірінші қатысқан кезде толтырылады;

** еркін нысандағы осы мәліметтерге қосымшаға сәйкес мәлімделген соманың есебі қоса беріледі:

тіркелген халықтың мәлімделген санына;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-170/2020 "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде ұсынылатын медициналық қызметтерге тарифтерді бекіту туралы" бұйрығына сәйкес бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде ұсынылатын медициналық қызметтерге арналған тарифтер, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде ұсынылатын медициналық қызметтер (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21550 болып тіркелген) (бұдан әрі – тарифтер);

мәлімделген сома;

қорытынды сома.

Амбулаториялық жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмек көрсетуге арналған көлемдер мен сомалар туралы мәліметтер

№	Медициналық көмектің түрі	Алдыңғы кезеңдегі көлемі мен сомасы					
		20__ жыл		20__ жыл		20__ жыл	
		Қызметтер саны	Сомасы, теңгемен	Қызметтер саны	Сомасы, теңгемен	Қызметтер саны	Сомасы, теңгемен
1	2	3	4	5	6	7	8
Жиыны							

кестенің жалғасы

Мәлімделген көлемдер мен сомалар	
Қызметтер саны	Сомасы теңгемен
9	10
Жиыны	

Денсаулық сақтау басқармасы басшысының бұйрығы негізінде МСАК субъектісіне бекітілген оқушылар саны бойынша мәліметтер: ___ бала (бар болса).**

Өндірістік күнтізбені ескере отырып, жылдағы жұмыс күндерінің саны бойынша мәліметтер _____ күн.*

Медициналық техниканың – позитрондық-эмиссиялық томографияның болуы туралы мәліметтер (бар болса):*

№	Серия номері	Медициналық техниканың атауы (позитрондық-эмиссиялық томография)	Медициналық техниканың техникалық сипаттамаларына сәйкес күніне көрсетілетін қызметтердің ең көп саны
1	2	3	4
Жиыны			

Осы мәліметтерге қосымша ___ парақта.***

(Денсаулық сақтау субъектісі басшысының немесе ол уәкілеттік берген адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Мөр орны (бар болса)

Толтырылған күні _____

Ескертпе:

* алдағы жылға жоспарлаған көлемдерге өтініш берген кезде және денсаулық сақтау субъектілерінен қызметтерді сатып алуға бірінші қатысқан кезде толтырылады;

** қажет болған жағдайда толтырылады;

*** көрсетілген қызметтер бөлінісінде осы еркін нысандағы мәліметтерге қосымшаға сәйкес мәлімделген соманың есебі қоса беріледі:

қызметтердің атауы;

тарифтерге сәйкес қызметтердің құны (орташа құны);

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Жиыны										

кестенің жалғасы

Алдыңғы кезеңдегі көлемі мен сомасы										
Науқастар саны				Сеанстар саны				Сомасы, теңгемен		
12				13				14		
Жиыны										

Өндірістік күнтізбені ескере отырып, жылдағы жұмыс күндерінің саны бойынша мәліметтер _____ күн.*

Диализ аппараттарының саны бойынша мәліметтер (бар болса)*

№	Серия номері	Диализ аппаратының атауы	Ауысымдағы қызметтер саны	Күніне ауысымдар саны
1	2	3	4	5
Жиыны				

Осы мәліметтерге қосымша ___ парақта. **

(денсаулық сақтау субъектісі басшысының немесе ол уәкілеттік берген адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Мөр орны (бар болса)

Толтырылған күні _____

Ескертпе:

* алдағы жылға жоспарлаған көлемдерге өтініш берген кезде және денсаулық сақтау субъектілерінен қызметтерді сатып алуға бірінші қатысқан кезде толтырылады;

** еркін нысандағы осы мәліметтерге қосымшаға сәйкес мәлімделген соманың есебі қоса беріледі:

науқастар саны;

сеанстар саны;

тарифтерге сәйкес қызметтердің құны;

мәлімделген соммалар;

жиынтық соммалар.

Перитонеалдық гемодиализ қызметтерін көрсетуге арналған көлемдер мен сомалар туралы мәліметтер

№	Медициналық көмектің түрі	Алдыңғы кезеңдегі көлемі мен сомасы*								
		20__ жыл			20__ жыл			20__ жыл		
		Науқастар саны	Сеанстар саны	Сомасы, теңгемен	Науқастар саны	Сеанстар саны	Сомасы, теңгемен	Науқастар саны	Сеанстар саны	Сомасы, теңгемен
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Жиыны										

кестенің жалғасы

Мәлімделген көлемдер мен суммалар		
Науқастар саны	Сеанстар саны	Сомасы, теңгемен
12	13	14
Жиыны		

Осы мәліметтерге қосымша ___ парақта. **

(денсаулық сақтау субъектісі басшысының немесе ол уәкілеттік берген адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Мөрорны (бар болса)

Толтырылған күні _____

Ескертпе:

* алдағы жылға жоспарлаған көлемдерге өтініш берген кезде және денсаулық сақтау субъектілерінен қызметтерді сатып алуға бірінші қатысқан кезде толтырылады;

** еркін нысандағы осы мәліметтерге қосымшаға сәйкес мәлімделген соманың есебі қоса беріледі:

науқастар саны;

сеанстар саны;

тарифтерге сәйкес қызметтердің құны;

мәлімделген суммалар;

жиынтық суммалар.

Стационарлық және (немесе) стационарды алмастыратын жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмек көрсетуге арналған көлемдер мен сомалар туралы мәліметтер*

№	Медициналық көмектің түрі	Алдыңғыкезеңдегі көлемі мен сомасы**					
		20__ жыл		20__ жыл		20__ жыл	
		Емделген жағдайлар (төсек-күнде рсаны)	Сомасы, теңгемен	Емделген жағдайлар (төсек-күнде рсаны)	Сомасы, теңгемен	Емделген жағдайлар (төсек-күнде рсаны)	Сомасы, теңгемен
1	2	3	4	5	6	7	8
Жиыны							

кестенің жалғасы

Мәлімделген көлемдер мен суммалар		Төсек немесе төсек-орын саны***
Емделген жағдайлар (төсек-күндерсаны)	Сомасы, теңгемен	
9	10	11
Жиыны		

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Жиыны									

Осы мәліметтерге қосымша ___ парақта. **

(Денсаулық сақтау субъектісі басшысының немесе ол уәкілеттік берген адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Мөр орны (бар болса)

Толтырылған күні _____

Ескертпе:

* алдағы жылға жоспарлаған көлемдерге өтініш берген кезде және денсаулық сақтау субъектілерінен қызметтерді сатып алуға бірінші қатысқан кезде толтырылады;

** осы еркін нысандағы мәліметтерге қосымшаға сәйкес білікті мамандарды және (немесе) науқасты санитариялық көлікпен тасымалдауға байланысты жедел медициналық көмек немесе медициналық көмек көрсетуге мәлімделген соманың есебі қоса беріледі:

бекітілген халықтың мәлімделген санына;

тарифтерге сәйкес құны (орташа құн);

мәлімделген соммалар;

жиынтық соммалар.

Кешенді тариф бойынша төленетін медициналық көмек көрсетуге мәлімделген көлемдер мен сомалар туралы мәліметтер*

№	Медициналық көмектің түрі	Алдыңғы кезеңдегі көлемдер мен сомалар**								Мәлімделген көлемдер мен соммалар
		20__ жыл		20__ жыл		20__ жыл		20__ жыл		
		Тіркелген науқастардың саны (саны***) (, емделген жағдайлар (төсек-күн)***)	Сомасы (, теңгемелен)	Тіркелген науқастардың саны (саны***) (, емделген жағдайлар (төсек-күн)***)	Сомасы (, теңгемелен)	Тіркелген науқастардың саны (саны***) (, емделген жағдайлар (төсек-күн)***)	Сомасы (, теңгемелен)	Тіркелген науқастардың саны (саны***) (, емделген жағдайлар (төсек-күн)***)	Сомасы (, теңгемелен)	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	
Жиыны										

Осы мәліметтерге қосымша ___ парақта. ****

(Денсаулық сақтау субъектісі басшысының немесе ол уәкілеттік берген адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Мөр орны (бар болса)

Толтырылған күні _____

Ескертпе:

* туберкулезбен ауыратын науқастарға; АИТВ-жұқтырған және (немесе) жұқтырылған иммунтапшылығы синдромымен ауыратын науқастарға, психикаға белсенді әсерететін заттарды пайдалануға байланысты психикасының, мінез-құлқының бұзылулары (аурулары) бар адамдарға көрсетілетін медициналық көмек көрсетуге өтінім берген жағдайда толтырылады;

** алдағы жылға жоспарлаған көлемдерге өтініш берген кезде және денсаулық сақтау субъектілерінен қызметтерді сатып алуға бірінші қатысқан кезде толтырылады;

*** республикалық денсаулық сақтау ұйымдары үшін;

**** осы еркін нысандағы мәліметтерге қосымшаға сәйкес кешенді тариф бойынша төленетін медициналық көмек көрсетуге мәлімделген соманың есебі қоса беріледі:

тіркелген науқастардың өтініш берілген санына;

тарифтерге сәйкес құнға (орташа құнның);

мәлімделген соммалар;

жиынтық соммалар.

Онкологиялық медициналық көмек көрсетуге өтінім берілген көлемдер мен сомалар туралы мәліметтер*

№	Медициналық көмектің түрі	Алдыңғы кезеңдегі көлемдер**						Мәлімделген көлемдер мен соммалар	
		20__ жыл		20__ жыл		20__ жыл		20__ жыл	
		Қызметте р саны	Сомасы, теңгемен	Қызметте р саны	Сомасы, теңгемен	Қызметте р саны	Сомасы, теңгемен	Қызметте р саны	Сомасы, теңгемен
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Жиыны									

Осы мәліметтерге қосымша ___ парақта. ***

(Денсаулық сақтау субъектісі басшысының немесе ол уәкілеттік берген адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Мөр орны (бар болса)

Толтырылған күні _____

Ескертпе:

* онкологиялық ауыратын науқастарға, медициналық көмек көрсетуге өтінім берген жағдайда толтырылады;

** алдағы жылға жоспарлаған көлемдерге өтініш берген кезде және денсаулық сақтау субъектілерінен қызметтерді сатып алуға бірінші қатысқан кезде толтырылады;

*** осы еркін нысандағы мәліметтерге қосымшаға сәйкес білікті мамандарды және (немесе) науқасты санитариялық көлікпен тасымалдауға байланысты жедел медициналық көмек немесе медициналық көмек көрсетуге мәлімделген соманың есебі қоса беріледі:

- бекітілген халықтың мәлімделген санына;
- тарифтерге сәйкес құны (орташа құн);
- мәлімделген соммалар;
- жиынтық соммалар.

Қан қызметі көрсететін қызметтерді көрсетуге өтінім берілген көлемдер мен сомалар туралы мәліметтер

№	Медициналық көмектің түрі	Алдыңғы кезеңдегі көлемдер*						Мәлімделген көлемдер мен соммалар	
		20__ жыл		20__ жыл		20__ жыл		20__ жыл	
		Қызметте р саны	Сомасы, теңгемен	Қызметте р саны	Сомасы, теңгемен	Қызметте р саны	Сомасы, теңгемен	Қызметте р саны	Сомасы, теңгемен
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Жиыны									

Осы мәліметтерге қосымша __ парақта. **

_____ , _____
(Денсаулық сақтау субъектісі басшысының немесе ол уәкілеттік берген адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Мөр орны (бар болса)

Толтырылған күні _____

Ескертпе:

* алдағы жылға жоспарлаған көлемдерге өтініш берген кезде және денсаулық сақтау субъектілерінен қызметтерді сатып алуға бірінші қатысқан кезде толтырылады;

** осы еркін нысандағы мәліметтерге қосымшаға сәйкес білікті мамандарды және (немесе) науқасты санитариялық көлікпен тасымалдауға байланысты жедел медициналық көмек немесе медициналық көмек көрсетуге мәлімделген соманың есебі қоса беріледі:

- бекітілген халықтың мәлімделген санына;
- тарифтерге сәйкес құны (орташа құн);
- мәлімделген соммалар;
- жиынтық соммалар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК